

**Алматы телекоммуникация және машина  
жасау колледжінің жалпы ұжымдық педагогикалық кеңесінің  
№1 хаттамасы**

2023 ж. 31.08.

Қатысқандар пед. ұжым, әкімшілік

Қатыспағандар 0

**Колледж қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған стратегиялық бағыттары**

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы колледж қызметінің негізгі бағыттары  
(Колледж директоры А.Коджахметова)
2. Білім беру саласын реттейтін НҚА-дағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес оқу процесін ұйымдастыру  
(Директордың ОІ,ООІ, ГЖ, ӘЖ, кәсіптік бағдар беру ісі жөніндегі орынбасарлары)
3. 2023-2024 оқу жылына арналған Кешенді жұмыс жоспарын,  
оқу-жұмыс бағдарламасын, әдістемелік жұмыс жоспарын,  
практика түрлері бойынша жұмыс жоспарын, тәрбие жұмысының  
жоспарын бекітуге ұсыну (Директордың ОІ,ООІ,ГЖ, ӘЖ, кәсіптік бағдар  
беру ісі жөніндегі орынбасарлары)
4. 2023-2024 оқу жылына таланкерлерді қабылдау барысы туралы  
Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
5. Әр түрлі

**Тыңдалды:**

1. Колледж директоры Коджахметова А.Б. ұжымды педкеңестің күн тәртібімен таныстырды. 2023-2024 оқу жылындағы колледж қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырып өтті. Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінде «Радиотехника, электроника және телекоммуникация», «Дәнекерлеу ісі», "Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Машина жасау технологиясы», «Электр жабдықтары», «Пошта байланысы» мамандықтары оқытылуда. Білімалушыларға тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, пошта, жүк, жолаушыларды жеткізудің көліктік-технологиялық жүйесін жасаудағы өндірістік және өндірістік емес шығындарды бағалау және олардың жұмысын бақылауды жүзеге асыруға үйрету мақсатында 2023-2024 оқу жылында «Автомобиль көлігіне тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы енгізіліп отырғанын атап өтті.
2. Білім беру саласын реттейтін НҚА-дағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес оқу процесін ұйымдастыру жөнінде директордың ОІЖ орынбасары А.Макеева сөз сөйледі. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңыны, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен таныстырып, 2023-2024 оқу жылында негізге алынатын НҚА атап өтті.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған Кешенді жұмыс жоспарын, оқу-жұмыс бағдарламасын, әдістемелік жұмыс жоспарын, практика түрлері бойынша жұмыс жоспарын, тәрбие жұмысының жоспарын бекітіп, әдістемелік кабинетке көшірме данасын өткізу жөнінде директордың ООІ жөніндегі орынбасары Г.Идирибекеова айтып өтті.

4. 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді қабылдау барысы туралы  
Директордың ООЖ орынбасары Б.Бектембаев сөз сөйледі.  
2023-2024 оқу жылына барлығы-953 білімалушы, дуалды оқыту бойынша-560 білімалушы  
қабылданып атылды.  
1-курс 9 сынып базасында-172 (18%), 1-курс 11 сынып базасында -74 (8%), 2-курс-175  
(18%), 3-курс-139-(18%).

### Шешімі:

- 1.2023-2024 оқу жылындағы колледж қызметінің негізгі бағыттары бекітілсін.
2. Білім беру саласын реттейтін НҚА-дағы өнерістер мен толықтыруларға сәйкес оқу процесі ұйымдастырылсын.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған Кешенді жұмыс жоспары, оқу-жұмыс бағдарламасы, әдістемелік жұмыс жоспары, практика түрлері бойынша жұмыс жоспары, тәрбие жұмысының жоспары бекітілсін.
4. 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді қабылдау барысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Колледж директоры

Хатшы



Коджахметова А.Б.

Сатаева Е.Б.